

## **Электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін қосымша қуаттарды қосу және шығындарды өтеу ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 1044 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 222 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 222 Қаулысымен.*

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 17 шілдедегі Заңының 19-бабы 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін қосымша қуаттарды қосу және шығындарды өтеу ережесі бекітілсін.

2. "Қосымша жүктеме қосқан кезде электр энергетикасы объектілерін кеңейту мен қайта жаңғыртуға кеткен қосымша шығыстарды өтеудің тәртібі мен шарттары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 қарашадағы N 1459 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

### *3 . а л ы н ы п т а с т а л д ы*

*Ескерту. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.06.25. N 529 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

3-1. Жергілікті атқарушы органдар 2007 жылғы 31 шілдеден кешіктірмей қалалардың, аудандар мен облыстардың жылу және энергетика желілерін дамыту жоспарларын әзірлеу мен бекітуді қамтамасыз етсін.

*Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.25. N 529 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

3-2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі тарифтерді өзгертуге арналған өтінімдерді қарау кезінде белгіленген тәртіппен энергия беруші ұйымдардың тарифінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қосылатын қуаттар үшін ақы төлеуден босату кезінде шығындардың орнын толтыруды қамтамасыз ету бойынша инвестициялық құрамдас бөлікті ескерсін.

*Ескерту. 3-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.11 N 569 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

4. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі бір ай мерзімде электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін қосымша қуаттарды қосу және шығындарды өтеу мәселелері бойынша өзінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға с ә й к е с к е л т і р с і н .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

8

қ а з а н д а ғ ы

№

1 0 4 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін қосымша қуаттарды қосу және шығындарды өтеу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін қосымша қуаттарды қосу және шығындарды өтеу т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы .

2. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

қосылған қуат үшін төлем - энергия беруші, энергия өндіруші ұйымның энергияны тұтынушылардың қосымша қосылатын электр және жылу қуатын жабу үшін электр энергетикасы қондырғыларының (жылу энергетикасы мен электр энергетикасы объектілерінің) жаңасын салуға, қазіргі барларын кеңейтуге және қайта жаңартуға байланысты шығындарын өтеу;

қуаттардың табиғи өсімі - энергия тұтынушылар қуаттарының энергия беруші ұйыммен энергияны тұтынуға жасасқан шартын қайта ресімдеумен байланысты е м е с ө с і м і ;

энергия тасымалдау желілері - жылу, электр желілерінің, сорғы станциялары мен қосалқы электр станцияларының жиынтығы;

қосымша қуаттар - энергия беруші ұйымның бұрын берген техникалық шарттарында көзделмеген және тұтынушының энергия тұтынушы жабдығының қуатын ұлғайтудың салдарынан тұтынылатын электр және (немесе) жылу энергиясының көлемін ұлғайтумен байланысты қуаттар. Қосымша қуаттардың санатына, сондай-ақ жаңа тұтынушылардың энергия тұтынатын жабдықтарын энергия беруші ұйымның электр және жылу желілеріне қосуға байланысты қуаттар да жатады.

### **2. Қосымша қуаттарды қосу тәртібі**

3. Электр және (немесе) жылу желісіне қосымша қуаттарды қосудың техникалық шарттарын тұтынушының жазбаша өтінімі бойынша энергия беруші ұйым береді және тұтынушыларды қосу мен оларды электр және (немесе) жылу желісіне кейіннен қосу жөніндегі жобалық құжаттаманы әзірлеу үшін негіз болады.

4. Электр және (немесе) жылу энергиясының қолданыстағы көздерін кеңейту, қайта жаңарту және жаңаларын салу энергия өндіруші ұйымның өзінің және (немесе) қарыз қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық кесімдерінде көзделген жағдайларда өзге қаражат есебінен жүзеге асырылады.

5. Жалпы пайдаланылатын энергияны тасымалдау желілерін кеңейту және қайта жаңарту энергия беруші ұйымның өз қаражаты, олар тұтынушылардың қосымша қуаттарын қосқаны үшін төлем түрінде алған қаражат есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жағдайларда өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Жеке пайдаланылатын энергияны тасымалдау желілерін кеңейту және қайта жаңарту тұтынушылардың өз қаражаты есебінен оларға меншік құқығын бекітіп бере отырып жүзеге асырылады.

Қосымша қуаттарды қосқаны үшін төлемнің есебіне энергия беруші ұйым тәуелсіз бағалаушы растаған құны бойынша тұтынушы салған энергия тасымалдау желісін (оның ішінде жабдықтарды) қабылдауы мүмкін.

Энергия беруші ұйымның желілеріне қосымша қуаттарды қосу мақсатында жеке пайдаланылатын энергияны тасымалдау желілерінде тұтынушы орындауы қажет жұмыстардың тізбесі энергия беруші ұйым берген техникалық шарттарда анықталады, онда қуаттарды қосу тәртібі көрсетіледі.

6. Энергия беруші ұйым тұтынушымен қосылатын қуаттың мөлшерін, ол үшін қаражатты аудару мерзімдерін және осы қаражатты тұтынушыға қайтару тәртібін көздейтін қосымша қуаттарды қосуға шарт жасасады.

### **3. Шығындарды өтеу тәртібі**

7. Қуаттардың табиғи өсімін жабуға кететін шығындар энергия беруші ұйымның өз кірістерінің есебінен жүзеге асырылады.

8. Энергия тұтынушы энергия беруші ұйымның табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жалпы пайдаланылатын энергияны қайтарымды негізде тасымалдау желілерін дамытуға және қайта жаңартуға жұмсайтын шығындарды өтеуді қамтамасыз етеді.

9. Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымның электр және жылу энергиясының қолданыстағы көздерін, энергия тасымалдау желілерін кеңейтуге, қайта жаңартуға және жаңаларын салуға жұмсаған бюджет қаражатын қайтаруы

бастапқы құны бойынша олардың акцияларымен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен жүзеге асырылады.

10. Қосылатын жылу немесе электр қуатының бірлігіне (1 Гкал/сағат немесе 1 кВт үшін) төленетін төлемнің мөлшері Қалалардың, аудандар мен облыстардың жылу және электр желілерін дамытудың бекітілген жоспарының (бұдан әрі - Жоспар) негізінде анықталады, оған:

1) құрамында жылу және (немесе) электр желілері бойынша ұтымды техникалық шешімдер көрсетілуі тиіс энергия тасымалдау желілерін кеңейтудің техникалық-экономикалық негіздемесі, оларды іске асыру мерзімдері, күрделі қаржының көлемін, өңірді жылумен және (немесе) электрмен сенімді жабдықтауға қажетті энергия тасымалдау желілерінің техникалық-экономикалық және қаржылық көрсеткіштерін бағалау;

2) энергетикалық жабдықты енгізу мерзімін көрсете отырып, перспективасымен бірге өңірді электрмен жабдықтаудың және (немесе) жылумен жабдықтаудың схемалары кіреді.

Жоспар электр энергетикасы, табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеу саласындағы уәкілетті органдармен келісіледі және оны жергілікті атқарушы органдар бекітеді.

Аумақтың (қаланың, ауданның) жоспарымен қамтылатын шекте қосылатын жылу немесе электр қуатының бірлігі үшін төлемнің мөлшері (1 Гкал/сағат немесе 1 кВт үшін) қосымша қуаттарды қосуға үміткер барлық тұтынушылар үшін бірыңғай болып табылады.

11. Жоспарды әзірлеуді электр энергетикасы саласындағы уәкілетті органның тиісті лицензиясы бар салалық жобалау институттары орындай алады.

12. Меншік нысанына қарамастан, тұрғын үй салушылардан қосымша қуаттарды қосқаны, сондай-ақ энергия беруші ұйымның энергия тасымалдау желілерін дамыту мен қайта жаңартуға байланысты шығындары үшін төлем алынбайды және осы шығындар жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.

*Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.01.13. N 41-1 қаулысымен.*

12-1. Қосылатын қуаттар үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерінен ақы алынбайды.

50 кВт дейінгі мөлшерде қосылатын қуаттар үшін қосылатын әрбір объекті бойынша орта кәсіпкерлік субъектілерінен ақы алынбайды. Осы тармақпен белгіленген қосылатын қуаттың мөлшері артқан жағдайда, қосылатын әрбір объекті бойынша орта кәсіпкерлік субъектісінен арту шамасына қарай ақы алынады.

*Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.11 N 569 (*

*қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

13. Энергия беруші және (немесе) энергия өндіруші ұйымдарға қолданыстағы электр және (немесе) жылу энергиясының көздерін, энергия тасымалдау тораптарын кеңейту мен қайта жанартуға және жаналарын салуға мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлінген жағдайларда қаржыландырылуы мемлекеттік бюджеттің қаражаты, шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың гранттары есебінен жүзеге асырылатын объектілерді салып жатқан тапсырысшылардан, сондай-ақ сыртқы саясат саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдерінен қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы алынбайды.

13-1. Электр және жылу желілеріне бұрын қосылған тұтынушыларға энергиямен жабдықтау қызметтерін көрсетуді, сондай-ақ тұтынушының деректері (атауы, деректемелері, тегі, аты, әкесінің аты) өзгерген кезде энергиямен жабдықтау қызметтерін көрсетуді жаңарту, сонымен бірге энергиямен жабдықтау объектісінің меншік иесі ауысқан кезде, бұрын берілген техникалық шарттар шегінде қосымша қуаттарды қосу болып табылмайды.

*Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.25. N 529 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

#### **4. Дауларды қарау тәртібі**

14. Келіссөздер жолымен шешілмейтін келіспеушіліктердің барлығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.